«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесі
Кадрлар және сыйақылар
жөніндегі комитетінің
2025 жылғы «04» ақпандағы
шешімімен (№ 1 хаттама)
МАҚҰЛДАНДЫ

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
2025 жылғы «06» ақпандағы
шешімімен (№ 1 хаттама)
БЕКІТІЛДІ

## ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

| № | 2 | Күні | |
|---|---|---|---|

| ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР | | |
|---|---|---|
| **Құжаттың белгіленуі** | **Құжаттың атауы** | **Енгізу күні** |
| КҚ | Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Комплаенс-менеджері туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) | 17.04.2023 ж. (№ 6 хаттама) |

| №2 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ | |
|---|---|
| **Өзгертілетін/ толықтырылатын бөлім, т., т.т., кесте** | **Өзгерістер мен толықтырулар мәтіні** |
| **2-бөлім 5-тармақ** | Мынадай редакцияда жазылсын: «5. Ұлттық және мемлекеттік мерекелерге сыйлықақы беру, өзге сыйлықақылар, әлеуметтік қолдау, сондай-ақ комплаенс-менеджерге біржолғы және басқа да төлемдер Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.». |

**Әзірлеген:**

| ТАӘ | Лауазымы | Қолы |
|---|---|---|
| *Тұраш Ш.Қ.* | *Комплаенс-менеджер* | |

| | |
|---|---|
| **2-бөлім<br>5-1-тармақ** | Мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:<br>«5.1. Комплаенс-менеджер жұмысының тиімділігін Қоғамның Директорлар кеңесі комплаенс-менеджер жұмысының негізгі көрсеткіштерінің картасы (бұдан әрі - ЖНК) негізінде бағалайды.<br>Нысаналы мәндері бар комплаенс-менеджердің ЖНК картасын комплаенс-менеджер Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әзірлейді және оны Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті алдын ала мақұлдағаннан кейін, ағымдағы жылдың ақпан айынан кешіктірмей Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.<br>Комплаенс-менеджер жұмысының тиімділігін бағалауды Қоғамның Директорлар кеңесі тоқсан сайын және жыл қорытындысы бойынша, есепті кезеңнен кейінгі айдан кешіктірмей (1, 2, 3 тоқсан) және ағымдағы жылдың 4 тоқсанының 25 желтоқсанынан кешіктірмей (4 тоқсан, жыл қорытындысы бойынша), Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша, Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті алдын ала мақұлдаған нақты мәндері бар комплаенс-менеджердің ЖНК карталары негізінде жүзеге асырады.<br>Комплаенс-менеджер жұмысының тиімділігін бағалау қорытындылары бойынша тоқсан сайынғы сыйлықақының мөлшері, егер Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, комплаенс-менеджердің ЖНК картасында көзделген лауазымдық жалақыны нақты мәндермен қорытынды нәтижелілікке көбейту жолымен айқындалады.<br>Комплаенс-менеджер жұмысының тиімділігін бағалау қорытындылары бойынша жылдық сыйлықақының мөлшері, егер Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе,есепті кезеңдегі (тоқсандағы) қорытынды нәтижелілік көрсеткіштерін жинақтау және жылдық бағалауды айқындау қажет болатын есепті кезеңдер санына бөлу жолымен айқындалады.<br>Комплаенс-менеджер жұмысының тиімділігін бағалау қорытындылары бойынша сыйлықақы, мөлшері Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес белгіленген, Қоғамның тиісті кезеңге арналған Даму жоспарында және/немесе Қоғамның еңбек ақы төлеу қорын үнемдеу шеңберінде осы мақсаттарға көзделген ақшалай қаражат шегінде жүзеге асырылады.<br>Комплаенс-менеджер жұмысының тиімділігін бағалау қорытындылары бойынша сыйлықақы беру жүзеге асырылмайды:<br>1) сынақ мерзімінің қолданылу мерзімі ішінде;<br>2) тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі ішінде;<br>3) еңбек шартын бұзу туралы бұйрық болған кезде (комплаенс-менеджердің бастамасы бойынша); |

**Әзірлеген:**

| ТАӘ | Лауазымы | Қолы |
|---|---|---|
| *Тұраш Ш.Қ.* | *Комплаенс-менеджер* | |

## №2 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

4) бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыста болған жағдайда;

5) 30 (отыз) күнтізбелік күннен артық жалақысы сақталмайтын үздіксіз демалыста болған жағдайда;

6) оқу 30 (отыз) күнтізбелік күннен артық демалысында болған жағдайда.».

**Ережеге 1-қосымша**

Мынадай мазмұндағы 1-қосымшамен толықтырылсын:

*«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының комплаенс- менеджері туралы ережеге 1-қосымша*

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің 2025 жылғы «___» ________ шешімімен (№ хаттама) МАҚҰЛДАНДЫ

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2025 жылғы «_____» _________ шешімімен (№ хаттама) БЕКІТІЛДІ

**«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының комплаенс-менеджерінің ЖНК картасы ____жылғы 1-4 тоқсанға арналған нысаналы мәндермен**

| № | ЖНК атауы | Салмағы (%) | Аяқталу нысаны | Мақсаты | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1 тоқ. | 2 тоқ. | 3 тоқ. | 4 тоқ. |
| 1 | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | |
| 4 | | | | | | | |

».

**Әзірлеген:**

| ТАӘ | Лауазымы | Қолы |
|---|---|---|
| *Тұраш Ш.Қ.* | *Комплаенс-менеджер* | |

## №2 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

**Ережеге 2-қосымша**

Мынадай мазмұндағы 2-қосымшамен толықтырылсын:

*«Электрондық қаржы орталығы»*
*акционерлік қоғамының*
*комплаенс-менеджері туралы ережеге*
*2-қосымша*

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесі
Кадрлар және сыйақылар
жөніндегі комитетінің
2025 жылғы «__ » ___________
шешімімен (№ хаттамы)
МАҚҰЛДАНДЫ

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
2025 жылғы «___»____________
шешімімен (№ хаттама)
БЕКІТІЛДІ

**«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының комплаенс-менеджерінің ЖНК картасы _______ жылғы _____тоқсандағы нақты мәндермен**

| № | ЖНК атауы | Салмағы (%) | Мақсаты | Нақты | Қорытынды нәтижелілік |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | |
| 2 | | | | | |
| 3 | | | | | |
| 4 | | | | | |

».

**Әзірлеген:**

| ТАӘ | Лауазымы | Қолы |
|---|---|---|
| *Тұраш Ш.Қ.* | *Комплаенс-менеджер* | |